

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ДАЙЫНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
ҚАЗАҚ, ОРЫС ТІЛДЕРІ БӨЛІМІ
Кезектен тыс №4 хаттама**

20.05.2025 ж.

Кентау қаласы

Жетекшілер: Б.Оспанова, А.Мырзаханова

Ұйымдастырушылар: М.Шайхыстамова, А.Нұржанова

Қатысқандар: Қазақ, орыс тілдері бөлімінің оқытушылары

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Тыңдаушылардың жылдық білімін шығармашылық тұрғыда көрсету
2. Түркі халықтарының мәдениетін қазақ тілінде таныту

ТЫҢДАЛДЫ:

«Ұлттық өнер мен бауырластық сахнасы» атты әдеби-сазды кеш Дайындық орталығы Қазақ және орыс тілдері бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілді. Кештің сценарийін дайындап, оны жоғары деңгейде жүзеге асырған Б.Оспанова және А.Мырзаханова.

Шараны салтанатты түрде университет ректоры Жанар Темірбекова ашып, тыңдаушылардың жыл бойғы еңбегін жоғары бағалап, өнер арқылы білім мен бірлікті танытудың маңызын атап өтті.

Вице-ректор Мустафа Гиритлиоглу да сөз сөйлеп, түркі халықтарының ортақ тілі мен мәдениетін насихаттаған тыңдаушыларға ризашылығын білдірді. Ол осы оқу орнында алғаш рет қазақ тілін меңгергенін еске алып, бұл кештің өзі үшін ерекше рухани мәнге ие екенін жеткізді.

Кеш барысында тыңдаушылар:

Қазақ тілінде ән шырқады;

Абай мен Мағжан Жұмабаев шығармаларынан өлеңдер оқыды;

Қазақ хандары мен билеріне арналған сахналық қойылым көрсетті;

Якут және әзербайжан халықтарының билерін орындады;

Қырғыз халқының «Манас» жырын жырлады.

Барлық көріністер мен өнер туындылары — тыңдаушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейінің, шығармашылық қабілетінің, түркі халықтарына деген құрметінің айғағы болды.

Тыңдаушылар әр кейіпкерді сахналауда белсенділік танытты. М.Шайхыстамова және А.Нұржанова тыңдаушылардың тілдік және интонациялық жағынан кейіпкерлер рөлін нақты, дұрыс айтуына бағыт-бағдар беріп, костюм дайындауда да үлес қосты.

Шешім:

1. Түркі халықтарының мәдениеті мен бірлігіне арналған осындай шығармашылық кештерді тұрақты түрде өткізу ұсынылсын.

2. Кеш барысында көрініс тапқан материалдар негізінде бейнематериал, мақала әзірлеу ұсынылсын.

Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы:

Мәжіліс хатшысы:




А.К. Мырзаханова

А.Б.Нуржанова







Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университеті Түркістанды түркі дүниесінің ортақ білім
шаңырағына айналдырады



Білімпаз жастарға ХҚТУ – Like!

